

2024-2025 оқу жылына арналған мектепті ақпараттандыру жоспары

Мақсаты: мектептің бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жағдайында ақпараттық технологияларды белсенді енгізу арқылы білім сапасын арттыру.

Міндеттері:

- педагогикалық шеберлікті дамытуға және мұғалімнің кәсіби өсуіне қажетті жағдайлар жасау;
- шығармашылық эксперименттік-зерттеу жұмысын қатыстыра отырып, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлар жасау;
- IT бағытта мектеп оқушыларының білімдері, біліктері мен дағдыларының мониторингін ұйымдастыру;
- мектептің білім беру қызметінің барысы мен нәтижелері туралы білім беру процесіне қатысушылардың хабардар болуын қамтамасыз ету;
- онлайн сабақтар өткізілген жағдайда мектепті тиімді платформамен қамтамасыз ету.

Ақпараттандырудың басым бағыттары:

- мектепті сандық инфрақұрылыммен жабдықтау;
- ақпараттық-компьютерлік технологиялар саласындағы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды кәсіби қайта даярлау;
- дарынды балаларды қолдау және қолдау бойынша қызметті жандандыру;
- жаңа білім беру технологиялары мен оқыту әдістерін енгізу;
- корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу негізінде мектепте басқару жүйесін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

- мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту: Интернетке шығатын бірыңғай жергілікті желіге қосылған пән мұғалімдерінің жұмысы үшін жабдықталған пәндік кабинеттер;
- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жаңа тәсілдерді қолдану негізінде оқыту сапасын арттыру;
- білім беру процесінде АКТ-ны барлық педагогтердің меңгеруі және пайдалануы: мұғалімдердің АКТ құралдарын пайдалана отырып сабақты ұйымдастыра білуі, тапсырмаларды тексеруді жеңілдететін жаңа білім беру ресурстарын табу және пайдалану, өз оқу материалдарын жасай білуі;

- мектеп сайтының жұмыс істеуі;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларының мектеп, республикалық және шетелдік ақпараттық және білім беру ресурстарын пайдалануы;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларының түрлі конкурстарға, викториналарға, олимпиадаларға, конференцияларға, форумдарға белсенді қатысуы;
- мектеп түлектеріне қалыптасқан АКТ-құзыреттілігін алу.

2024-2025 оқу жылдарына арналған мектепті ақпараттандыру жоспары

Ақпараттандыру жоспары			
Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
Оқу үрдісін техникалық сүйемелдеу	Оқу үдерісіне оқу кабинеттеріндегі, компьютерлік сыныптардағы техникалық құралдарды дайындау	Серикбаева А.Н. Казимбеков А.Е. кабинет меңгерушілері	Тамыз
	Кабинеттердегі интернет жұмысын бақылау	Серикбаева А.Н. Казимбеков А.Е.	Жыл бойы
	Кабинеттердегі техникалық құралдардың жұмыс істеуін қадағалау	Казимбеков А.Е.	Жыл бойы
	Жұмыс станцияларын 100% лицензияланған антивирустық программамен қамтамасыз ету	Серикбаева А.Н. Казимбеков А.Е..	Жылына бір рет
	Мектепте трафикті мазмұнды фильтрациялауды қамтамасыз ететін бағдарламалық өнімді орнату	Серикбаева А.Н. Казимбеков А.Е.	Оқу жылы ішінде
	Компьютерлік техника құралдарын сатып алу	Казимбеков А.Е.	Оқу жылы ішінде
Оқу үрдісін ақпараттық сүйемелдеу	Ұлттық білім беру деректер базасындағы (бұдан әрі ҰБДҚ) барлық бөлім бойынша ақпараттарды жаңартып отыру, толтыру	Серикбаева А.Н.	Жыл бойы
	Bilimclass электрондық журналына ақпараттарды жаңартып отыру	Серикбаева А.Н. Оразтай А.С.	Жыл бойы
	Bilimclass электрондық журналына сабақ кестесін жариялау	Серикбаева А.Н. Оразтай А.С.	Тоқсан сайын
	Bilimclass электрондық журналы бойынша сабақтарды өткізуін қадағалау	Серикбаева А.Н.	Жыл бойы
	Bilimclass электрондық журналына сабақ барасында	Пән мұғалімдері	Жыл бойы

	пайдалану		
	Мектеп сайтын жүргізу, материалдарды уақытында салу	Оразтай А.С.	Жыл бойы
	Әлеуметтік желілерге Facebook, Instagram мектеп жаңалықтарын жариялау	Оразтай А.С.	Жыл бойы
	Педагогтердің цифрлық құзіреттілігін дамытуда қолдау көрсету	Серикбаева А.Н., Оразтай А.С.	Жыл бойы
	Мектеп ұжымын «Ақпараттық қауіпсіздік саясатымен» таныстыру	Серикбаева А.Н.	Қазан
	Мұғалімдерге сабақ барысында электронды платформаларды пайдалану бойынша оқыту семинарын өткізу	Серикбаева А.Н., Оразтай А.С.	Тоқсан сайын
	Білім алушыларды «Информатика кабинетінің қауіпсіздік ережелерімен» таныстыру (5-11 сынып)	Манасбаев Ш.И.,	Қыркүйек
	Білім алушыларды «Қауіпсіз Интернет» ережелерімен таныстыру (5-11 сынып)	Манасбаев Ш.И.,	Қыркүйек
	7-10 сынып оқушылар арасында ақпараттық сауаттылық, интернеттегі қауіпсіздікті сақтау және жаһандық құзыреттілік бойынша «Ақпараттық сауаттылық» аймақтық зияткерлік олимпиадаларын өткізу	Манасбаев Ш.И.,	Желтоқсан
	Пән мұғалімдерімен «Кәметке толмағандарға заманауи интернет ортасының қауіптері және олардың алдын алу» тақырыбында медиа қауіпсіздік сабағы	Манасбаев Ш.И., Бекбулатов А.С.	Қаңтар
	Қауіпсіздік бұрыштарын және «Ақпараттық қауіпсіздік», «Компьютер және қауіпсіздік», «Денсаулық және компьютер» ақпараттық стендтерін рәсімдеу	Серикбаева А.Н.,	Оқу жылы ішінде
ІТ бағыттағы конкурстар, олимпиада, ғылыми жобалар	Информатика пәнінен 5-8 сыныптардың оқушыларына арналған юниорлық олимпиада	Манасбаев Ш.И.,	Қазан
	«IT-Skills» ақпараттық технология фестивалі	Манасбаев Ш.И.	Қазан
	«Республика күні» дистанциондық графикалық жұмыстар конкурсын	Манасбаев Ш.И.,	Қазан

	CS:GO киберспорт сайысы	Манасбаев Ш.И.,	Қазан-қараша
	«Менің тәуелсіз Қазақстаным» дистанциондық графикалық жұмыстар конкурсы	Манасбаев Ш.И.,	Желтоқсан
	«ІТ инновация балалар көзімен» облыстық кинофестивалі	Манасбаев Ш.И., Бекбулатов А.С.	Қаңтар
	Облыстық мультимедиялық жобалар фестивалі	Манасбаев Ш.И., Бекбулатов А.С.	Қаңтар-ақпан
	«48 сағат ішінде түсіру» қашықтықтан конкурсы	Манасбаев Ш.И., Бекбулатов А.С.	Қаңтар
	«Junior Programming Contest-2023» спорттық бағдарламалау бойынша олимпиада	Манасбаев Ш.И., Бекбулатов А.С.	Наурыз
Робототехника бойынша сайыстар	«STEM-Fest» облыстық байқауы	Манасбаев Ш.И., Бекбулатов А.С., Оразтай А.С.	Наурыз
	«Robotek Grand Tournament» республикалық чемпионаттың облыстық кезеңі	Манасбаев Ш.И., Бекбулатов А.С., Оразтай А.С.	Сәуір
	«ROBOLAND-2023» VIII Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің облыстық кезеңі	Манасбаев Ш.И., Бекбулатов А.С., Оразтай А.С.	Сәуір
	KazRoboSport-2024 чемпионаты	Манасбаев Ш.И., Бекбулатов А.С., Оразтай А.С.	Сәуір-мамыр